

1. №12 Семинар сабағының тақырыбы. СТЕПЛАГ – зұлымдық түрмесі

2. Сабақтың мазмұны:

1. СТЕПЛАГ-«халық жауларына» арналған лагерь.
2. Лагерьде орын алған Кеңір көтерілісі.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Қазақстан территориясында құрылған лагерьлер жүйесімен таныса отырып, СТЕПЛАГ лагерінің тарихын жан-жақты талқылап, ғылыми тұрғыда пікірталас жасайды және өз қорытындыларын дәлелдейді.

4. Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, плакаттар, проектор сызба-кестелер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі. СТЕПЛАГ-«халық жауларына» арналған ерекше лагерь. 1940 жылы Кеңір өзенінің жағасында бұрынғы пионер лагерінің орнынан КСРО ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) ірі лагерь «Жезқазған лагерьі және КСРО НКВД ГУЛАГ-ның комбинаты» құрылды. 1943 жылы Үлкен Жезқазғанның іске қосылған және салынып жатқан бөлімдерінің бәрі НКВД-ның қарауына беріліп, ол «НКВД Жезқазған еңбекпен түзеу лагерь-комбинаты» деп аталды.

1947 жылы №4 Ерекше лагерь немесе СТЕПЛАГ деп аталды. СТЕПЛАГ-тың басты міндеті-Жезқазған мыс комбинатын тез арада салып бітіру. Лагерь 1940 жылдың 1 сәуірінен бастап жұмыс істеді. 1942 жылдың 1 қаңтарында лагерьде 120–140 тұтқын ұсталды. Бұлардың ішінде 1830-ы төңкеріске қарсы қылмыстылар, 548-і бандитизм және кісі өлтіргені, 108-і шекараны рұқсатсыз өткені, армиядан қашқан және әскери қылмыстары, 9050-і өзге де қылмыстары үшін сотталғандар.

Сотталғандар негізінен кінәсіз жұмысшылар, колхозшылар, инженерлер, дәрігерлер және НКВД тізімі мен құрылысқа, шахталарға еңбек күші керек болғандықтан қамалған адамдар болды. Соғыстан кейін лагерьге 12 мың Кеңес тұтқындарына 8 мыңға жуық соғыста қолға түскен немістер мен жапондықтар келіп қосылды. Лагерь үш негізгі бөлімшеден тұрды: Кеңір, Жезқазған және Қарсақбай бөлімшесі.

Жұмысының ауырлығы, лагерь ішіндегі қатаң тәртіп жағынан Степлаг басқа лагерьлерден де асып кетті. Бірақ адам төзгісіз ауыр каторгалық еңбек, аштық, жалаңаштық, ауру, мыңдаған адамдардың өлімі тұтқындардың еңсесін басып, рухын жасыта алмады. КСРО-ның барлық лагерьлеріндегідей, мұнда да зорлық-зомбылыққа, қатал тәртіпке қарсы наразылық үздіксіз бой көрсетіп отырды.

1954 жылдың маусым айындағы мәлімет бойынша СТЕПЛАГ-та 2660 орыс, 9596 украин, 2690 литван, 1074 латыш, 290 қазақ және басқа сол кезде Кеңес Одағының құрамына кірген ұлттар мен ұлыстардың перзенттері болған екен. Ал 1945–1947 жылдары әскери тұтқындар лагерінде болған шетелдік әскери тұтқындардың жалпы саны 4446 болса, соның 2369-ы – немістер, 1012-сі – жапондар, 103-і – австриялықтар, 630-ы – венгрлер, 145-і – румындар, 58-і – қытайлар т. б. ұлттардың өкілдері.

Егер Карлаг патшалы Ресейдің еңбекпен түзеу колониясы принципі бойынша құрылған болса, Степлаг Герман концлагерьлерінің принципі бойынша құрылды. Егер Карлаг тұтқындары негізінен ауылшарушылығымен айналысса, Степлаг тұтқындары тек қана өндірістік кәсіпорындарда жұмыс істеді. Лагерьдің бұрынғы тұтқыны Р. Ахметов былай деп еске алады: «Біздер фашистік концлагерьдегідей тұрдық. Мұнда әрбір тұтқынға арнаулы шифр-номер берілетін. Бізді ешқашан аты-жөнімізбен атамайтын, шифр-номерімізбен шақыратын.

Әр бригадада 15-20 адамнан болды. Тұтқындар мыс кенін шығаруда жұмыс жасады. Бұрғылау құрғақ күйде жүргізілгендіктен, бос қазбаның шаңы туберкулез және силикоз ауруларына алып келетін. Тұтқындардың жағдайы өте ауыр болды. Барлық жағдайлар тұтқындардың ашу- ызасын тудырды. Тұтқындар дұрыс тамақтанбады, дұрыс ем қабылдаған жоқ, үнемі қорлады. Бұлардың барлығы наразылыққа алып келді. 1954 жылы 16 мамырда Степлагта атақты көтеріліс бұрқ ете түсті.ол бүкіл ГУЛАГ жүйесін дүр сілкіндірді.КСРО-ның барлық лагерьлеріндегідей, мұнда да зорлық-зомбылыққа, қатал тәртіпке қарсы наразылық үздіксіз бой көрсетіп отырды. Лагерьлер жүйесінде ең көлемді, әрі ұзаққа созылған тұтқындар көтерілісі осы СТЕПЛАГ-та болды.

Степлаг тұтқындарының көтерілісі 40 күнге созылды. Олар үкіметке ұйымдасқан түрде қарсылық көрсетті. Көтерілістің басында Кеңес Армиясының неміс тұтқыныда болған әскери интеллигенциясының өкілдері тұрды. Бұлар ақылды, сауатты, батыл шешім қабылдайтын адамдар еді. 1953 жылдың 27 наурызында Кеңес өкіметінің кең ауқымды амнистиясы жарияланды. Амнистия бес жыл мерзімге дейін сотталғандарды тегіс босатты. Саяси тұтқындардың көпшілігінің сотталу мерзімі 10 жылдан 25 жылға дейінгі аралықты қамтығандықтан, бұл жеңілдікке түскен жоқ. Күткен үміттері ақталмаған соң, тұтқындардың арасындағы наразылық толқулары толастамай, тіпті өршіп кетті. 1954 жылдың 16 мамырында Кеңгірде орналасқан 3 лагерь бөлімшесінің 60-қа жуық тұтқындары күзетшіге бағынбай, басқа лагерь территориясына кіріп кетті. Қосымша шақырылған әскери күзетінің көмегімен тәртіп бұзушыларды ұстап, абақтыға жапты. Бірақ тұтқындар наразылығын енді тоқтату қиын еді.

Тіпті, 17 мамырда лагерь басқармасы бастығының лагерь пункттері арасында атыс топтарын орналастыру жайлы бұйрығы да тұтқындарды тоқтата алмады. 18 мамырда тұтқындар көтерілісі қарулы қарсылыққа ұласып, лагерь бөлімшелерінде баррикадалар, бекіністер құрыла бастады. Көтерілісті ұйымдасқан түрде басқару үшін арнайы басқарма құрылып, оның бастығы болып Қызыл Армияның бұрынғы офицері К. Кузнецов тағайындалды. 1954 жылдың 16 мамырында Кеңгірде орналасқан 3 лагерь бөлімшесінің 60-қа жуық тұтқындары күзетшіге бағынбай, басқа лагерь территориясына кіріп кетті. Қосымша шақырылған әскери күзетінің көмегімен тәртіп бұзушыларды ұстап, абақтыға жапты. Бірақ тұтқындар наразылығын енді тоқтату қиын еді. Тіпті, 17 мамырда лагерь басқармасы бастығының лагерь пункттері арасында атыс топтарын орналастыру жайлы бұйрығы да тұтқындарды тоқтата алмады. 18 мамырда тұтқындар көтерілісі қарулы қарсылыққа ұласып, лагерь бөлімшелерінде баррикадалар, бекіністер құрыла бастады. Көтерілісті ұйымдасқан түрде басқару

үшін арнайы басқарма құрылып, оның бастығы болып Қызыл Армияның бұрынғы офицері К. Кузнецов тағайындалды.

6. Деңгейлік тапсырмалар:

1. Кеңір көтерілісінің шығу себептерін анықтаңыз.
2. СТЕПЛАГ лагерінің құрылымын анықтаңыз.

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары:

1. СТЕПЛАГ-«халық жауларына» арналған лагерь.
2. СТЕПЛАГ лагерінің құрылымы.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы энциклопедиясы. Атамұра, 2011ж.
2. Тарихи деректер кітабы. АЛМАТЫ КІТАПБ 2010ж.
3. Тарихнама кітабы. АЛМАТЫ КІТАП, 2011 ж.
4. Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов. – Караганда, 2007.
5. Жораева Г.Т. Алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың I жартысы): Оқу құралы. - Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2024. -180 бет.